

Егемен Қазақстан

 **Egemen.kz**

Ата заң арналары



Биыл сонау 1995 жылы республикалық бүкілхалықтық референдумда қабылданған Ата Заңымызға 19 жыл толып отыр. Бұл Конституция еліміздің іргелі мемлекеттік құқықтық актісі болып табылады. Ол адамның және азаматтың кең ауқымды әмбебап құқықтарына, еркін сайлау өткізуге, мемлекеттік биліктің біртұтастығы және биліктің үш тармаққа бөлінуі қағидатының жүзеге асырылуына, жергілікті басқару және өзін-өзі басқару жүйесінің қызмет істеуіне кепілдік береді.

Қоғамдық өмірімізде Конституцияның жасампаздық қуаты күннен күнге арта түсуде. Бұл туралы кеше Президент жанындағы Орталық коммуникациялар қызметіне келген Конституциялық Кеңес Төрағасы Игорь Рогов айтып берді.

Еліміздің Негізгі Заңының қуаты, әлеуеті әлі зор. Қандай жағдайда болмасын Ата Заңымыз мемлекеттік тәуелсіздікті де, адамдардың құқы мен бостандығын да сақтауға, қорғай алуға сай заңды бекімін тапқан. Конституциямыз барлық түйткілді мәселені шешудің заңды көзі болып табылады. Өйткені, Конституция – жай ғана құқықтық акт емес. Оның кіріспесі мен баптарында ұлттық қоғам мен мемлекет өмірінің басты рухани діңгектері айқындалған. Ол еліміздің бүкіл нормативтік актілерінің ең жоғары сатысында тұр, сондықтан республикамызда қабылданатын барлық заңдар мен заңға тәуелді кез келген актілер Қазақстан Конституциясына қайшы келмеуі тиіс және қайшы келе алмайды да деген сенім басым.

Осы өткен 19 жыл ішінде еліміз жаңа қоғам құру жолында көптеген, бұрын-соңды болмаған жетістіктерге қол жеткізді. Республика Конституциясы қазақстандықтар үшін алдағы биік мақсаттарға жетуді – әлемдік қоғамдастыққа ықпалдасқан, азаматтарының әл-ауқатты және лайықты тұрмыс-тіршілігі қамтамасыз етілген, тәуелсіз, экономикалық дамыған мемлекет құру жолында ілгері жылжуды реттейтін іргелі құжат болып табылады. Еліміздің Негізгі Заңы, Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н. Назарбаевтың өзі ұйытқы болған, қиын-қыстау кезде миллиондаған қазақстандықтарды маңайына топтап, құжаттың жобасына дем берген көпжылдық ұжымдық жұмыстың нәтижесі дейміз. Сондықтан бүгінде барымызды бағамдай отырып, тарих үшін қас-қағым кезең ішінде конституциялық құндылықтарды жүзеге асыру бойынша ауқымды жұмыстар атқарылды деп кәміл сеніммен айтуға болады. Бұған Мемлекет басшысының өмірдің барлық саласында Конституцияның әлеуеті мейлінше жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге бағытталған қатаң талабы көбінесе септігін тигізіп, әлі де орындалып келеді. Елбасы бірнеше рет қадап айтқандай, Конституция мен заңдар толық сақталғанда, бірінші кезекте, азаматтарымыздың өздері сақтағанда ғана, мемлекеттің тәуелсіздігі мызғымас болады, деді И.Рогов.

Оның сөз саптауы бойынша, әлемдік практика көрсеткендей, мемлекеттің халықаралық деңгейде және өз ішінде танылуы көп жағдайда осы елдің Негізгі Заңы қалай қабылдануына және қай деңгейде орындалуына байла нысты екен. Бұл Негізгі Заң халықтың барлық санатының мүддесін ескеріп, мемлекеттік билік пен басқаруды ұйымдастырудың демократиялық қағидаларына, құқық үстемдігіне, жаппай танылған халықаралық стандарттарға және т.б. сүйенуі тиіс. Елдің басты құжаты өз халқының тілегін білдіріп, оның мақсат-мүддесін баянды етуі және бұл үшін халық құжатты әзірлеуге және қабылдауға тікелей қатысуы керек.

Мемлекеттіліктің заңдылығын қамтамасыз ету – аса күрделі міндет, оған өрескелдікпен мән бермеу адам құқықтарының жүйелі түрде бұзылуына, бейберекетсіздікке, қоғам мен мемлекеттің шайқалуына әкеп соқтыруы мүмкін. Мұндай апаттар қалыптасып қалған, тарихы мен тәжірибесі бар мемлекеттердің өзін көптеген жылдарға артқа шегеріп тастайды. Мұндай шырғалаңға бір рет түсіп кетіп, қайтып шығу әсте қиын болады. Оның үстіне даму стратегиясын дұрыс айқындау, конституцияның рухани болмысы мен әрбір қарпін қалтқысыз басшылыққа алу арқылы елдер халықтың қолдауына ие болып, даму мен өркендеу жолында ілгері жылжиды.

Демек, біздің елдің қолданыстағы Конституциясы әлемдік қоғамдастықта танылған жалпы адами және ерекше маңызы бар қазақстандық идеалдарға негізделеді. Ол Қазақстан Республикасының толық заңдылығы танылуын, адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары оның ең қымбат қазынасы болып табылатын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнығуын қамтамасыз етуге мықты тірек. Сондықтан Конституция еліміздің аумақтық тұтастығын, президенттік басқару нысанын, халық билігі қағидатын, Негізгі Заң нормаларының ең жоғары заңдық күші мен тікелей қолданылуын, идеологиялық және саяси саналуандылықты, жеке меншікке қол сұғылмауын, адамның және азаматтың халықаралық деңгейде танылған құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік биліктің жаңа жүйесін, мемлекеттік рәміздерді баянды етті. Сөйтіп, дұрыс әрі нақты айқындалған конституциялық саясат арқасында Қазақстан барлық салада елеулі табысқа жетті. Конституцияда айқындалған мақсаттардан келіп туындайтын Республика Президентінің Жолдаулары мен сөйлеген сөздеріне, еліміздің бағдарламалық-стратегиялық құжаттарына сай, конституциялық материяның мазмұны жоспарлы түрде іске асырылуда.

Мемлекеттік органдардың, қоғамдық институттар мен азаматтардың қызметі, халқымыздың бейбіт әрі тыныш өмір сүруі, ертеңгі күнге деген сенімділігі, халықаралық аренада Қазақстанның абыройы асқақтауы Конституция да айқындалған құқықтық ережелерге арқа сүйейді, ал бұл, Президент айқындайтын мемлекеттің ішкі және сыртқы саясаты халықтың ойынан шығып отырғанын білдіреді. Ендеше, қорыта айтқанда, әлемдік тәжірибе мен ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан бұл үдерістердің тек құқық шеңберінде ғана өріс алуына қол жеткізді, деді Конституциялық Кеңес Төрағасы.

Абай ТАСБОЛАТОВ